Білім беру бағдарламалары тізіліміне арналған

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының атауы | **7R01136 - Жалпы хирургия** |
| 2 | БББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық) | Жаңа |
| 3 | БББ мақсаты | Өзіндік кәсіптік қызметі үшін құзыреттер жүйесіне ие болатын білікті хирург дәрігерді дайындау |
| 4 | БББ ерекшеліктері (жоқ, бірлескен, қосдипломдық) | жоқ |
| 5 | Серіктес ЖОО | |
| 6 | Оқыту нәтижелері (кемінде 8 ОН) | ОН-1 Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді тәжірибе негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.<br>ОН-2 Емделуші үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында емделушімен, оның айналасындағылармен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді өзара әрекет жасауға қабілетті.<br>ОН-3 Диагностикалық сынақтардың тәуекелдерін бағалай алады және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады.<br>ОН-4 Өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге, төтенше жағдайларда негізгі көмек көрсетуге, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін кәсіпаралық командалар құрамында жұмыс істеуге қабілетті.<br>ОН-5 Адекватты зерттеу сұрақтарын тұжырымдауға, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалауға, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер базасын тиімді пайдалануға, зерттеу командасының жұмысына қатысуға қабілетті.<br>ОН-6 Өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа нысандарына белсенді қатысуға қабілетті.<br>ОН-7 Науқасты тексеру нәтижелерін түсіндіруге, емдеуге (оталық, кертартпа) көрсеткіштерді шығаруға, отаның мерзімін, отаның көлемін, отаның түрлерін, отаның барысы мен кезеңдерін, ықтимал асқынуларды, асқынулардың профилактикасын, науқасты оңалтуды білуге қабілетті. Қазіргі заманғы эндоскопиялық жабдықтарды білуге, құрал-саймандар мен жабдықтарды пайдалана білуге қабілетті. |

| | | |
|---|---|---|
| | | ОН-8 Хирургиялық операцияның тәуекелдерін бағалай алады, хирургиялық тәуекелдерді азайта алады және ең қолайлы емдеуді қолдана алады. |
| 7 | Оқыту формасы | күндізгі |
| 8 | Оқыту тілі | орыс, қазақ, ағылшын |
| 9 | Кредиттер көлемі | 208 |
| 10 | Берілетін академиялық дәрежесі магистр | Хирург дәрігер |
| 11 | БББ аккредиттеуі (аккредиттеу органының атауы, аккредиттеудің қолданылу мерзімі) | |

Пәндер туралы мәліметтер:

| № | Пәннің коды | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Циклы | Компоненті | Кредиттері | Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтары) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН 6 | ОН 7 | ОН 8 |
| | | Бейіндік пәндер | | БП | БП | 208 | | | | | | | | |
| | | Міндетті компонент | | МК | МК | 200 | | | | | | | | |
| 1 | PH | Элективті хирургия | Пән негізгі хирургиялық аурулар (хирургиялық тексерудің негізгі әдістері, диагностика, жоспарлы хирургиядағы хирургиялық араласу) бойынша білімді қамтиды. | БП | МК | 58 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 2 | EH | Жедел хирургия | Пән шұғыл хирургиялық аурулардың (жедел холецистит, аппендицит, | БП | МК | 60 | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұншықтырылған грыжа, қуыс мүшелердің перфорациясы және т.б.) диагностикасы мен емі бойынша білімді қамтиды. | | | | | | | | | | | |
| 3 | GH | Іріңді хирургия | Пән терінің, тірек-қимыл аппаратының, ішкі ағзалардың және т.б. негізгі хирургиялық іріңді аурулары бойынша білімдерді қамтиды. | БП | МК | 32 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 4 | HP | Амбулаториялық хирургия | Пән амбулаториялық науқастарды диагностикалау және хирургиялық емдеу (фурункул, абсцесс, жаралар, флегмоналар және т.б.) туралы білімді қамтиды. | БП | МК | 16 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 5 | TH | Торакальды хирургия | Пән өкпенің, бронхтың, ортастинаның, өңештің, кеуде қуысының жарақаттары және т.б. ауруларын диагностикалау және хирургиялық емдеу бойынша білімдерді қамтиды. | БП | МК | 8 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 6 | DH | Балалар хирургиясы | Пән балалардағы ауруларды | БП | МК | 8 | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | диагностикалау және хирургиялық емдеу (ішкі ағзалардың туа біткен ақаулары, даму аномалиялары, іш қуысы мүшелерінің шұғыл патологиясы және т.б.) бойынша білімдерді қамтиды. | | | | | | | | | | | |
| 7 | GE | Эндоскопиялық гастроэнтерология | Пән асқазан-ішек жолдарының негізгі хирургиялық аурулары (асқазан, он екі елі ішек, тоқ ішек ойық жарасы, перфорация диагностикасы, қан кету және т.б.) бойынша білімді қамтиды. | БП | МК | 5 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 8 | TN | Травматология | Пән сүйектер мен буындардың травматикалық жарақаттарын диагностикалау және хирургиялық емдеу бойынша білімді қамтиды (сынулар, шығулар, сіңірлердің үзілуі, артрит, бурсит және т.б.) | БП | МК | 5 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 9 | EN | Урология | Пән бүйрек және зәр шығару жолдарының патологиясын диагностикалау және хирургиялық емдеу бойынша білімді | БП | МК | 5 | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қамтиды (бүйрек тастары, несепағар, цистит, уретрит, несеп-жыныс мүшелерінің зақымдануы және т.б.) | | | | | | | | | | | |
| 10 | AiR | Анестезиология және реанимация | Пән хирургиялық науқастардағы жүрек-өкпе реанимациясының және анестезиясының негіздері бойынша білімді қамтиды. (жасанды желдету, кома, шок, коллапс және т.б.) | БП | МК | 3 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| | | Таңдауы бойынша компонент | | БП | ТК | 8 | | | | | | | | |
| 11 | | Метаболикалық синдроммен, диабетпен және семіздікпен ауыратын науқастардағы хирургиялық патология | Пән коморбидті патологиясы бар науқастарды диагностикалау және хирургиялық емдеу туралы білімді қамтиды (семіздік, қант диабеті кезіндегі патологиялық өзгерістерді диагностикалау; хирургиялық емдеу әдістері). | БП | ТК | 4 | + | + | + | + | + | + | + | + |
| 12 | | Қосарлас және қабаттасқан жарақаттары бар хирургиялық науқастарды | Пән қосарлас және қабаттасқан жарақаттары бар науқастарды диагностикалау және | БП | ТК | 4 | + | + | + | + | + | + | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | хирургиялық емдеудің заманауи технологиялары | хирургиялық емдеу туралы білімді қамтиды (диагностика әдістері және хирургиялық емдеу ерекшеліктері, асқынулардың алдын алу). | | | | | | | | | | | |

Хирургиялық аурулар, бариатриялық хирургия және нейрохирургия кафедрасының меңгерушісі, профессор Фурсов А.Б.

«_27_»_01__2025 жылғы шығыс № 25/07